

«Бекітемін»

«Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ

Атқарушы директоры

Дәулетова Г.Б.

2026 жылғы «16» ақпан



FIDE–ISCF 2026 Мектеп оқушылары арасындағы Әлем чемпионатының Азия кезеңіне U14 / G14 жас санатында қатысу үшін мектеп командалары арасындағы Chess Class Олимпиадасы – шахматтан іріктеу турнирінің

Регламенті

1. Жалпы ережелер

1.1. FIDE–ISCF 2026 Мектептер арасындағы Әлем чемпионатының Азия кезеңіне U14 / G14 жас санатында қатысу үшін шахматтан іріктеу турнирі (бұдан әрі – Іріктеу) FIDE ISCF World Schools Team Championship 2026 (бұдан әрі – WSTC 2026) циклі шеңберінде өткізіледі.

1.2. Іріктеу турнирі Халықаралық шахмат федерациясының (FIDE) және Халықаралық мектептер шахмат федерациясының (ISCF) стандарттарына сәйкес ұйымдастырылады және WSTC 2026 Азия кезеңіне қатысу құқығына ие болатын мектеп командасын анықтауға қызмет етеді.

1.3. Іріктеу турнирі ресми мектеп командалық жарысы болып табылады және жалпы білім беру мекемелерінің командалары арасында FIDE–ISCF 2026 Мектеп командалары арасындағы Әлем чемпионатының Азия кезеңіне U14 / G14 жас санатындағы мектеп оқушылары арасынан қатысушыны қалыптастыру үшін өткізіледі.

2. Жарыстың мақсаты мен міндеттері:

- FIDE–ISCF 2026 Мектеп командалары арасындағы Әлем чемпионатына U14 / G14 жас санатында Азия кезеңіне қатысу үшін Қазақстан Республикасының ресми командаларын анықтау;
- Мектеп оқушыларының арасында шахматты кеңінен тарату;
- Мектеп оқушылары арасындағы ең мықты шахматшыларды анықтау;
- Шахматшылардың қарым-қатынас жасауы мен тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

3. Басшылық ету және өтетін жері. Ұйымдастыру комитеті.

3.1. Жарысты Қазақстан шахмат федерациясы өткізеді.

3.2. Турнирдің өтетін жері – Астана қаласындағы №79 мектеп-лицей, мекенжайы: Нәрікбаев көшесі, 3.

3.3. Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) төрешілер алқасын тағайындайды, қатысушыларды жарысқа қатыстыру мәселесін шешеді.

3.4. Ұйымдастыру комитеті Қазақстан Шахмат федерациясының өкілдерінен тұрады.

4. Өткізу мерзімі және кесте.

4.1. Турнирдің өтетін күндері: 2026 жылғы 13-16 наурыз.

4.2 Кесте:

1-ші күн	<u>2026 жылғы 13 наурыз</u> Қатысушылардың келуі және орналасуы
-----------------	---

	17.00-18.00 – Аккредиттеу/бейдж беру және техникалық жиналыс (Мандат комиссиясы)
2-ші күн	<u>2026 жылғы 14 наурыз</u> 10.00 – Турнирдің ашылуы 10.30 – Жарыстың басталуы (1-4-ші турлар)
3-ші күн	<u>2026 жылғы 15 наурыз</u> 10.00 – Жарыстың жалғасы, финалдық кезең (5-9-шы турлар) 15.00 – Турнирдің жабылуы
4-ші күн	<u>2026 жылғы 16 наурыз</u> Қатысушылардың кетуі

5. Қатысушылар.

5.1. Турнир түрі: Командалық турнир.

Әр команда төрт негізгі ойыншыдан, бір қосалқы ойыншыдан және партияларға қатыспайтын бір капитаннан (ересек адам) тұруы керек. Әр командада кемінде бір ұл бала және кемінде бір қыз бала болуы керек.

5.2. Жарысқа ҚШФ-да тиісті түрде тіркелген, Қазақстан Республикасы азаматтығы бар және Халықаралық шахмат федерациясында (ФИДЕ) ҚШФ-ға өкілдік ететін, 2012 жылдың 1 қаңтарынан ерте емес, бірақ 2018 жылдың 31 желтоқсанынан кейінгі емес күні туған спортшылар қатыстырылады.

5.3. Әр облыстан ең көбі екі ресми команданы тіркеуге жол беріледі. Бір облыстан үш немесе одан да көп команданың қатысуына турнир ұйымдастырушылардың келісімімен ғана жол беріледі.

Бір мектепке өкілдік ететін бірнеше команданың қатысуына рұқсат етіледі. Бір облыс үш командадан көп құрама жіберген жағдайда қосымша командалар резервтік тізімге қосылады. Қатысушы командалардың саны жеткіліксіз болған жағдайда резервтік тізімдегі командаларды таңдау олардың тіркелуі тәртібімен жүзеге асырылады. Команданың құрамын облыс дербес өзі анықтайды.

5.4. Команданың барлық мүшелері бір мектеп оқушылары болуы керек.

5.5. Қатысуға өтінім <https://chessinedu.kz/wstc2026> сілтемесі арқылы жіберіледі. Өтінімге мына құжаттарды қоса тіркеу қажет:

- оқушылардың фотосуреттері бар, мектеп мөрімен куәландырылған анықтамалар;
- барлық ойыншылардың бір мектепте оқитынын растайтын мектеп директорының ресми бланкідегі хаты қажет етіледі;
- қатысушылардың жеке басын растайтын құжаттардың (туу туралы куәлік) сканерленген көшірмелері. Құжаттардың анық фотосуреттерін жіберуге де рұқсат етіледі.

5.6. Орын саны шектеулі – 200 қатысушыдан аспайды (40 команда). Ұйымдастыру комитеті әр өтінімді қарайды және команданың қатысуына рұқсат беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5.7. Команданың **Chess-Results** сайтына кіргізілуі жарысқа қатысуға өтінімінің мақұлданғанын растау болып табылады.

5.8. Ұйымдастырушылар қатысушылар толық жиналған кезде тіркеуді кез келген уақытта жабу құқығын сақтап қалады. Өтінім берудің шекті мерзімі — 2026 жылғы 3 наурыз, Астана уақытымен сағат 12:00 (түс). Аталған мерзімнен кейін берілген өтінімдер қабылданбайды және команда жарысқа қатыстырылмайды.

5.9. ҚР АҚ 145-бабына сәйкес, ҚР АҚ 15-бабының 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға:

- Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе оның мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының бейнесін түсіруге (фотосурет және/немесе бейнеролик), Қатысушының жарысқа қатысу барысының бейне және фототүсірілімін жасауға;
- Ұйымдастырушыға Қатысушының атын пайдалануына, Қатысушының бейнесін жариялауына, жаңғыртуына және таратуына және/немесе жарыстың нәтижесінде алынған, Қатысушы бейнеленген басқа да дыбыстық, бейне және фотоматериалдарды пайдалану мерзімі мен аумағын шектеместен кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен пайдалануына, соның ішінде аталған материалдарды редакциялауына және үшінші тұлғаларға табыстауына келісімін береді.
- Қатысушы осы келісімді өтеусіз негізде белгісіз мерзімге береді және оның одан әрі Ұйымдастырушыдан қандай да бір өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

5.10. Командалардың турнирге қатысуына байланысты барлық шығысты жіберуші ұйымдар көтереді. Осы ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.

6. Турнир өткізу ережесі және жеңімпаздарды анықтау.

6.1. Турнир 9 турдан тұратын швейцариялық жүйе бойынша «Swiss manager» бағдарламасы пайдаланылып өткізіледі.

6.1. Командалар саны аз болған жағдайда өткізу жүйесі мен тур саны өзгертілуі мүмкін.

6.2. Уақыт бақылау нұсқасы — «рапид»: 15 минут және әр қатысушыға әр жасаған жүрісі үшін біріншісінен бастап партияның аяғына дейін + 10 секунд.

6.2. Жарыс Халықаралық шахмат федерациясының (ФИДЕ) ережесі бойынша өтеді.

6.3. Жарыс жеңімпаздары барлық матчтарда жинаған командалық ұпайлардың ең көп саны бойынша анықталады (ұтыс - 2 ұпай, тең ойын - 1 ұпай, жеңіліс - 0 ұпай). Екі немесе одан көп команданың командалық ұпайлары тең болған жағдайда жеңімпаздар мына көрсеткіштер бойынша анықталады:

- a) команданың әрбір мүшесі жинаған ұпайлардың жиынтық саны (game-points);
- b) командалық Бухгольц коэффициенті;
- c) матчтағы (матчтардағы) жеке кездесу;
- d) барлық қосымша көрсеткіштер тең болған жағдайда тай-брейк матчы өткізіледі (бірінші тақтадағы фигуралардың түсі жеребе бойынша анықталады);
- e) тай-брейк тең ойынмен аяқталған жағдайда жеңіс тақталардың үлкендігі бойынша анықталады (бірінші, екінші тақтадағы және т.б. жеңіс).

6.6. Әр тақтада жеке есеп мына көрсеткіштер бойынша анықталады:

- a) Кемінде 7 партияның ойналуы шартымен жиналған ұпайлар пайызы;
- b) Перформанс коэффициенті;
- c) Қарсыластардың жеке кездесуі;
- d) Жеңістер саны;
- c) Команданың алған орны.

6.7. Команда капитаны техникалық кеңес аяқталмай тұрып төрт негізгі ойыншыны және орынға отырғызудың белгіленген тәртібімен қосалқы ойыншыны ұсынуға міндетті. Бұл тәртіп турнир бойы сақталады. Ойыншыларды рейтингіне сәйкес тақталарға орналастыру талап етілмейді.

6.8. Әр раунд бойынша команданың құрамы ең кеш дегенде әр раунд басталғанға дейін 15 минут бұрын ұсынылуы керек. Команданың құрамындағы әр жыныстағы кем дегенде бір ойыншы

партиялардың кем дегенде 50%-ын ойнауы керек. Раундтағы командасының құрамын ұсынбаған команданың капитаны командасының төрт негізгі ойыншысын таңдаған болып есептеледі.

6.9. Жұпта бірінші аталған команда тақ нөмірлі тақталарда ақ фигураларға, ал жұп нөмірлі тақталарда қара фигураларға ие болады.

7. Төрешілер алқасы және апелляциялық комитет.

7.1. Төрешілер алқасы бас төрешіден, бас төрешінің орынбасарынан, желідегі төрешілерден және хатшыдан тұрады және оларды Ұйымдастыру комитеті тағайындайды.

7.2. Техникалық кездесуде даулы мәселелерді шешу үшін Апелляциялық комитет (АК) сайланады (тағайындалады), оның құрамы: өкіл, АК екі негізгі мүшесі + АК 2 қосалқы мүшесі;

7.3. Ойыншы жарыстың бас төрешісі арқылы жазбаша түрде апелляция беріп төрешілер алқасының кез келген шешіміне қарсылық білдіре алады. Апелляцияны команда капитаны тур аяқталғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей 20 000 теңге мөлшеріндегі ақшалай жарнаны енгізіп береді;

7.4. АК шешімі түпкілікті болып табылады;

6.3. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда ақшалай кепіл толық мөлшерінде қайтарылады;

7.5. Егер АК апелляцияны қабыл алмаса, ақшалай кепіл қайтарылмайды.

8. Марапаттау

8.1. Іріктеу қорытындысы бойынша 1–2-ші орындарды иеленген командалар FIDE–ISCF 2026 Мектеп командалары арасындағы Әлем чемпионатына U14 / G14 жас санатындағы ресми қатысушылар ретінде қатысу құқығына ие болады.

Алдыңғы чемпионаттың жеңімпаздары мен жүлдегерлері WSTC 2026 Азия кезеңіне ресми қатысушылар ретінде, іріктеуден өтпей-ақ қатыстырылады (жас санаттарына сәйкес келуі шартымен).

8.2. Турнирлерге қатысуға құқық алған негізгі команда одан бас тартқан жағдайда турнирге қатысу құқығы келесі орын алған командаға өтеді.

8.3. Командалық жарыстардағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, дипломдармен және ақшалай жүлделермен марапатталады.

8.4. Жеке есептегі (тақта бойынша) үш жеңімпаз медальдармен және дипломдармен марапатталады.

8.5. Турнирдің ресми жалпы жүлде қоры 1 000 000 теңге;

8.6. Жүлде бөлінбейді және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады (ҚР азаматтары үшін 10% мөлшеріндегі табыс салығы шегеріледі), 18 жасқа толмаған адамның ата-анасының есеп айырысу шотына аударылады. Жүлде ақшаны төлеу үшін құжат тапсырудың шекті мерзімі - 7 күн. Жүлде ақшаны төлеу мерзімі – қол қойылған қажетті құжаттар алынған кезден бастап 30 жұмыс күніне дейін.

8.7. Жалпы жүлде қоры келесідей бөлінеді:

Командалық жүлделер

1-ші орын	500 000 теңге
2-ші орын	300 000 теңге
3-ші орын	200 000 теңге

9. Қосымша ақпарат.

Жарыс туралы алдын ала және жедел ақпарат Қазақстан шахмат федерациясының әлеуметтік желілеріндегі турнир парақшаларында жарияланады:

kazchess.kz

[instagram.com/kzchessfederation/](https://www.instagram.com/kzchessfederation/)

Анықтама алу үшін байланыс дерегі: Аида Мұқатова - aida.m@kazchess.kz